

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАННАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

Сана
Миде
Санауын



№6-7 (43-44)

29 тамыз, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ КАЙДА ЖАСЫРЫЛҒАН?

ХАЛЫҚ

ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫНДА



Құпияға толы Отырар Сырдарияның сары даласы Қызылқұмның солтүстік-шығыс алқабын бойлаған. Тізбектелген қорғандар бірнеше мыңдаған гектар жер көлемінде созылып, ұзақ шақырымдарды алып жатыр. Ұқылым мәдениеттің шырақшысы іспетті бұл қорғандар сырын ішіне тығып,

бүк түсіп жатқандай. Кезінде өркениеттің ордасы, ғылым мен білімнің бел ортасы, мәдениет пен өнердің сарайы, сауда мен кәсіпкерліктің өзегі болған Отырар бүгін қорған мен төбе болып, өлі қалаға айналған.

Отырар кітапханасының қайда жасырылғаны жайында көріпкелдер өз болжамдарын айтып әуре сарсаң болуда. Ел ауызындағы сөзге сай халық әлі дүние есігін ашпаған, болашақ күннің жеті жасар баласынан үміт күтіп, сол күнді торыға тосуда.

4-бет



Павлодар облысының
жастар саясаты
мәселелері жөніндегі
басқарма бастығы
Мейіржан Қазыбекұ-
лы Жанұзақов:

**ЖАСТАРДЫ БАРЫН-
ША ҚАМТУ – МАҚ-
САТТЫ ДА ЖҮЙЕЛІ
ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ**

5-бет



**САНДАР НЕ СЫРДЫ
ЖАСЫРЫП ТҰР?**

6-бет



**АСЫК АТУ – ӘСКЕРИ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОЙЫН**

8-бет



КОНСТИТУЦИЯ - ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕН ЕЛІМІЗДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТАРИХЫ
ЕРТЕРЕКТЕ ЖАТҚАНЫН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ

Қасым хан өз жарғысының негізін халқының ежелден келе жатқан әдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып, сол заманның талабына сай жарғыны жаңа үнмен жаңғыртты. Тіпті, шарият қағидасын берік ұстанған отырықшы аудандар да Қасым ханның қазылық билігіне жүгінді.

ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ

Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалған әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған заңдық жарғы жарияланды. Бұл заңдық құжатты Есім хан мен оның кеңесшілері өңдеп, толықтырылған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолының» бір нұсқасы ретінде қарастырған жөн.

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ ЖИЙІН

Тәуке хан өзінің алдындағы хандардың тұсында қабылданған заңдарын одан әрі жетілдіріп, жаңа заң жүйесін жасады. Ол «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жетеуіне өзгерістер енгізген. Тәуке хан үш жүздің билерін жинап, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер қатысқан бас қосуда, Күлтөбенің басында «Жеті жарғысын» қабылдады.

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ТІРЕК ЕТКЕН ЗАҢ

Одан кейінректе алғаш құқықтық жүйе, құқықтық ұғымдарды XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары жариялаған «Алаш» автономиясы құрылған кезде орын алды. Алғашында қазақ құқығының аса маңызды бастауы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әдет-ғұрып, дәстүр болса, алашорданың негізін салушылар «Алаш» бағдарламасының жобасын ұлттық-демократиялық бағыттағы, құқықтық мемлекетті құруды мақсат еткен.

ҚАЗАҚ АКСР-НІҢ 1926 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін және 1925 жылғы РСФСР Конституциясы ескеріле отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің қауылысымен түпкілікті

редакцияда қабылданды, өйткені бұл кезде Қазақстан РСФСР-дың бір бөлігі еді.

1937 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ КСР КОНСТИТУЦИЯСЫ

Бүкілқазақ Кеңестерінің X съезінде 1937 жылғы 26 наурызда қабылданған Қазақ КСР Конституциясында «КСРО Конституциясының 14-бабының шегінен тыс Қазақ КСР-і өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті дербес жүзеге асырады», – деп жазылған.

1978 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ КСР КОНСТИТУЦИЯСЫ

IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Конституцияда бүкіл өкімет билігі жұмысшы, шаруа және еңбек интеллигенциясы таптарына жататын халықтың қолында болды. Өкімет билігі мен басқару жүйесінің үстінен Қазақ КСР Коммунистік партиясы бақылау орнатты.

1993 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституциялық комиссияның қажырлы да ұзақ еңбегінің нәтижесінде 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі жариялы түрде дауыс беру арқылы түгелге жуық көпшілікпен Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.

1995 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

1995 жылы 30 тамызда ҚР Президентінің жарлығына сай Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Бұл күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні болып табылады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттілігін ұлғайту жөнінде елеулі өзгерістер енгізілді.



СМС АҚПАРАТ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесінің мәжіліс залында Павлодар өңірінің белгілі тарихшыларының қатысуымен «Қазақстан Республикасының білім және тарих дамуының келешегі мен өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті.

Аталмыш іс-шараның өзегі – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасы болды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ретінде Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалық секірісті жүзеге асыруына жағдай жасауды, қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейтуді, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыруды, Қазақстанның жаңа тарихының жиырма жылының мәнін пайымдауды қарастыруға болады.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-да өткен дөңгелек үстелге ПМУ ғалымдары, атап айтсақ, Дамытудың стратегиясы бойынша және тәрбие мен әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры, с.ғ.д., профессор Арман Әкішев, т.ғ.к., доцент Қайрат Батталов, т.ғ.к., доцент Ернұр Рахимов, т.ғ.д., ПМПИ профессоры Гүлфира Өтепова, «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Арман Ешмұратов, Павлодар облысының дін істері жөніндегі басқармасының өкілдері және де өкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері атсалысты.

Дөңгелек үстел аясында тарихи фактілердің жүйелеу мен жіктеу қажеттілігі, Қазақстан тарихы бойынша жаңа оқулықтарды шығару, еліміздің тарихи методологиясына қайта қарау, бірыңғай ұлттық тарихи тұжырымдаманы шығару, тарих ғалымдарының менеджментін өткізу секілді мәселелер талқыланды.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ РЕЙТИНГІСІ

108 білім бағдарламасы мен 11 бағыт бойынша барлығы 69 жоғары оқу орындары сынға түсіп, үздіктер анықталды. Дегенмен 2012 жылмен салыстырғанда қатысушылар саны қысқарған. Рейтинг нәтижесі бойынша үздік топқа 43 ЖОО кіргі, олардың 9 – ұлттық, 19 – мемлекеттік, 1 – халықаралық, 11 – акционерлік, 3 – жекеменшік.

Еліміздегі көпсалалы университеттердің үздігі болып Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (97,03%) танылды. Елордалық жоғары оқу орны өткен жылғы нәтижесін қайталап, өз биігінен көрінді. Екінші сатыдан Әл-Фараби атындағы ұлттық университеті (95,38%) орын алса, үшінші орынды Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (53,50%) еншілеп отыр. Төртінші орынды Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті – 53,02% иеленіп, бестіктің қатарын аяқтап тұрған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – 45,17%.

2013 жылдың үздік техникалық жоғары оқу орындарының бестігі мыналар:

1. Қазақстан-Британ техникалық университеті – 91,19%;
 2. Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті – 72,08%;
 3. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті – 67,23%;
 4. Алматы технологиялық университеті – 53,68%;
 5. Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті – 52,77%.
- Гуманитарлық-экономикалық жоғары оқу орындары арасында үздік болып төмендегі университеттер анықталды:
1. ҚМЭБИ (КИМЭП) университеті – 96,30%;
 2. Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университеті – 59,02%;
 3. Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті – 58,33%;
 4. Қазақ гуманитарлық-заң университеті – 56,06%;

5. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті – 56,03%.

Еліміздің үздік медициналық жоғары оқу орындарының бестігі:

1. Астана медициналық университеті (Қазақ мемлекеттік медициналық академиясы) – 86,41%
2. Қарағанды мемлекеттік медицина университеті – 74,21%
3. С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті – 68,34%
4. Семей мемлекеттік медицина университеті – 45,01%
5. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы – 40,98%

Қазақстандағы педагогикалық ЖОО-ның бестігі:

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – 94,80%
 2. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті – 73,92%
 3. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты – 67,01%
 4. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты – 51,43%
 5. Тараз мемлекеттік педагогика институты – 51,17%
- Еліміздегі үздік өнер оқу орындарының ішінде бірінші орынды 91,28% көрсеткішпен Қазақ ұлттық өнер университеті (Қазақ ұлттық музыка академиясы) иеленіп отыр. Ары қарай:
2. Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы – 74,08%
 3. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (39,22%) жайғасқан.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасы жасалығы. 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасының басталғанын жариялаған болатын. Бағдарламаны жүзеге асырудың жеті жылында – 2004 жылдан 2011 жылға дейін – Қазақстан тарихы, археологиясы және этнографиясы бойынша 26 арнайы зерттеулер жүргізілді. Аталмыш бағдарлама аясында ұлттық тарихимыздың жоғын түгендеп, шашылған дү-

ниеміздің бірсыпырасын жиып алдық. Ұлтымыздың асыл мұраларын жинап, сол мұраның бүгінгі ұрпақ игілігіне жаратуына даңғыл салдық.

Енді міне, «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеу бағдарламасы мойнына ауыр жүк арқалап, қызметіне кірісін кетті. Бүгінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің басшылығымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмаларын орындау жолында үлкен жұмыстар атқарылуда. Оның басты мақсаттарының бірі – тарих білімнің орасан зор әлеуетін жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсау екені даусыз.



Аслан АЗЕРБАЕВ, С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың Тарих кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

Ата – баба тарихынан тағылым

шылардың саңлақтар тобы мен Қазақстан тарихы ғылыми платформасы қалыптасты.

1990 жылдардың басында стереотиптер сынып, плюралисттік көзқарастар талқандалды. Тарихи сараптама толығымен жасалды. Әсіресе, колонизациялық және кеңестік дәуірге ерекше көңіл бөлінді. Бірқатар концептуалдық мәселелер қайта қаралуға жол тартты. Сол себепті, ел тарихы өзгеше рең ала бастады. Екі онжылдықта тарихшылар сыртқы ықпалдың жағымды, жағымсыз тұстарын таразылап, объективті халық тарихын ұсынды.

Жалпы тарих ғылымына жаңа көзқарастың қайтарылым нүктесі ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің баяндамасындағы басты кестелері ұсынылған «Тарих толқынындағы халық» бағдарламасы болып отыр. Аталмыш бағдарламаның сөзсіз жетістігі тарих әдіснамасына екпін қойылып отырғандығы. Отандық тарих ғылымдары үшін теория-

лық-концептуалдық жағдайдың нақты анықтамасы мен жеке тарихи бағдары айқын тарихи мектептердің бағытын жасауы шарт.

«Толық ұлттық тарихи суреттемені» жасау үшін қазақтардың этникалық тарихын терең зерттеу қажет. Тіпті кейде мектеп оқушылары мен ЖОО студенттері мемлекеттік білім мен Қазақстанның көне әрі ортағасырлық тарихы арасындағы байланысты ажырата алмай, шатасуға дейін барады. Сондықтан, тарихи тұрғыдағы этникалық континуумын толық бейнелеу барысында көне, ортағасырлық тайпалар және мемлекеттердің заманауи қазақ халқы мен мемлекеттің құрылуына ықпал ету факторын айрықша атап өтуіміз керек. Бағдарламада ел тарихын зерделеу мен континентальді этникалық, саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістердегі халықтарды зерттеу басты нысанаға алынып отыр. Қазақстанның дархан даласы түркілер империялары құрылған дәуірден бері, кейін

монғолдар заманында көшпенді тайпалар ордасының орталығы болып, отырықшы мемлекеттермен қарым-қатынасқа түсіп, Еуразиялық тарихты өзгертті.

XX ғасыр тарихы жаңа зерттеулерді талап ететін шексіз ауқымды материалдар мен мәселелерді алып жатыр. Сан-сақа бойалдырған кеңестік тарих көп уақытқа дейін идеялық тартыстар мен даулардың алаңы болатыны даусыз. «Тарих толқынындағы халық» бағдарламасына сәйкес кеңестік заманның тарихын, оның құрамындағы Қазақстанның объективті түрде жариялауды талап етеді.

Жаһандану мен әлем нарығының біздің елге тигізетін қауіпіне дайын болу – қажет болған жағдайда дұрыс бағытты бағамдайтын халықтың моральдік-этникалық мүмкіндігін есепке алған Еліміздің Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының нәтижесі. Бүгінде Елбасымыз халық алдына өзіндік ұлтты-

лығынан айырылып қалмауды мақсат еткен интеграциялық міндеттерді қойып келеді. Сол себепті, Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымы жеке бағыт ретінде заманауи маңызға ие. Жас қазақстандық ұрпақ дүниежүзілік кеңістіктегі жаһандануға тойтарыс беру үшін тәуелсіздік кезеңіндегі барлық қиындықтар мен кедергілерді ажыратып, түсініп алғаны жөн. Тіпті, тарихи модель мен жорамалдауды ұсынған, тәртіп аралық тәсілдер анық бейнеленген аталмыш бағдарлама айырықша өзекті. Біз жарқын болашаққа ұмтылып келеміз, осы жолда ата-баба тарихы бізге қазыналы өсиетімен жол сілтеуші бола алады.

«Тарих толқынындағы халық» бағдарламасын іске асыру да ұлттық тарихты зерттеу бойынша ведомствоаралық топтың, әрбір зерттеуші-тарихшы, педагог-тарихшы және Отан тарихына қызығушылық танытқан әрқайсымыздың қанжығамызда жүк бары аян.

Ғани ЕЛМҰРАТОВ, С.Торайғыров атындағы ПМУ доценті, саясат ғылымдарының кандидаты

Тарихтың басты міндеті – отансүйгіштікке тәрбиелеу

Биылғы жылы тарихи зерттеулер бағдарламасы аясында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Тарих толқынындағы халық» атты жоба жолға тартты. Бағдарламаның басты мақсаты озық әдіснама мен әдістеме негізінде Қазақстанның тарих ғылымының сапалық серпілісі, қазақ халқының ұлттық тарихы көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру, сондай-ақ еліміздің қазіргі заман тарихының жиырма жылдығын зерделеу үшін жағдай жасау.

Ал, тарихтың ең басты міндеті – ұлттық абырой мен ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу болып табылатыны сөзсіз.

Өз кезегінде, патриоттық сезімдер халықтың өткенімен байланыстыратын тарихи қабилдаулар арқылы қалыптасады. Сондықтан, тарихты зерттеу әрі насихаттау бүгінгі күні ерекше маңызға ие.

Мемлекет Басшысы Нұрсұл-

тан Назарбаевтың «Тарих толқынындағы халық» атты арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасын ұсынып, тарих ғылымдарына аса мән беруінің өзі де тегін емес.

Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстан тарихы ғылымының әдіснамалық, әдістемелік базасының сапалы дамуы, ұлттық қазақ тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың тарихына әлемдік көзқарастың қалыптасуы, Қазақстан тарихының жиырма жылдық жаңа тарихын түсіну.

Қазақ халқының тарихы жаһан тарихының маңызды бір бөлігі. Сол себепті, жастардың тарихи танымының қалыптасуына бағдарламаның тигізер үлесі де орасан.

Қазақтар түркі халықтары ішінен саны жағынан төртінші орынды иеленіп, әлем халықтары арасынан тұрғылықты территориясы көлемі бойынша алғашқы ондыққа кіреді. Қазақтардың бабалары тарихтан әртүрлі этнонимдер арқылы белгілі. Тарихи жолы да өте ауыр да қатал болды. Қазақтар өздерінің ұзақ тарихи жолында жаһан өркениетіне ауқымды септігін тигізді.

Қазақстандық отансүйгіштіктің қалыптасу факторын Қазақстанның жаңа саяси тарихын жіті қарастырусыз мүмкін емес.

Заманауи жастар Елбасының саяси көшбасшылығының мәні мен сыры, саяси транзиттің қиындықтары мен қайшылықтары, жаңа мемлекеттің қалыптасуы, мемлекеттік басқарудың қазақстандық моделінің дамуы сияқты тарихи жағдайлардан хабары болуы шарт.

Қоғамды нығайту, дағдарыстан шығару тек жан-жақты әрі жүйелі реформаторлық концепциялар негізінде ғана жасалады. Мұндай концепция тарихи кезеңдік міндеттерге сай жасалуы қажет. Оның мағынасы мен мазмұны, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер артын бағамдау, жүргізілетін реформалардың артықшылығы мен кемшіліктерін таразылау тарихи кезеңдерге шолу арқылы пысықталады. Осындай жүйелі және кезеңдік жолдар әлеуметтің оңтайлануына үлесі зор.

Демократияның қалыптасуы әлеуметтік және саяси қарым-қатынастар мен олардың қызмет-

терінің бірқатар нақты үлгілерінің қалыптасуымен байланысты. Олардың тарихы нарықтық экономиканың, экономикалық өсімінің, орта деңгейлі халықтың дамуының, азаматтық саяси мәдениеттің қалыптасуынан бастау алады.

Азат тұлға – экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдің сараланған институттарымен бірге дамыған азаматтық қоғамның негізі. Өз кезегінде азаматтық қоғам – демократиялық жүйенің құру негізі, саяси қатысудың белсенділігі әрі мемлекет пен қоғам арасында диалог орнату.

Жаңғыртылған мемлекеттің басты мінездемелерінің бірі демократиялығы. Мемлекет азаматтары мен олардың бірлестіктерінің басқармалық шешімдерге ықпал етуіне, сол шешімдер арқылы заңды әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға жол ашады. Бұл мүмкіндіктердің іске асуы үшін демократиялық саяси тәртіп және соған сай саяси-құқықтық мәдениет болуы шарт. Жаңғыртылған мемлекеттің жоғары сапалы, кәсіби білікті бас-



қарушылары, әкімшілік элитасы болғаны абзал.

Қазақстанның жаңа тарихы транзиттік кезең жағдайында нарықтық экономиканы құру, жаңа саяси жүйені құру ауыр міндеттердің бірі екенін байқатты. Соған қарамастан, еліміз әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуда едәуір жетістікке жетті. Мәселен, әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономика қалыптасты, орта деңгейлі халықтың жағдайы кіші және орта бизнес арқылы қарқынды дамып келеді.

Осылайша тарих жаңа мемлекеттің туылуы мен дамуына куә болуымызға себеп болды. Қоғам дамуының болашақтағы басымдылығын бағамдау өткен күндерден алынған кезеңдерді түсіне алмай қол жеткізу мүмкін емес.



ХАЛЫҚ
ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫНДА

Отырар қазынасы қайда жасырылған?

Құпияға толы Отырар Сырдарияның сары даласы Қызылқұмның солтүстік-шығыс алқабын бойлаған. Тізбектелген қорғандар бірнеше мыңдаған гектар жер көлемінде созылып, ұзақ шақырымдарды алып жатыр. Ықылым мәдениеттің шырақшысы іспетті бұл қорғандар сырын ішіне тығып, бүк түсіп жатқандай. Кезінде өркениеттің ордасы, ғылым мен білімнің бел ортасы, мәдениет пен өнердің сарайы, сауда мен кәсіпкерліктің өзегі болған Отырар бүгін қорған мен төбе болып, өлі қалаға айналған. Тіршілігі бірнеше ғасыр бұрын өшкен шаһарды бейне бір беймәлім күш қорғап тұрғандай. Бүгінгі әңгіме орта ғасыр дәуіріндегі көркейген Отырар кентінде орналасқан, аты аңызға айналған әлемдегі ірі кітап қорларының бірі Отырар кітапханасы турасында болмақ.

АНЫЗ КІТАПХАНА

Тарихи жазбалар авторларының айтуынша, ежелден бері Отырардағы кітапхананың даңқы жер жарған екен. Мұнда қой терісімен қапталған қыпшақтар шежіресі, араб дастандары, теріге жазылған кітаптар, балық қабыршақтарымен әрленген үнді дастандары, мұсылмандар мен христиандардың өсиеттері, көркем және ғылыми кітаптар, өлеңдер жинақтары, дәріқағаздар, саяхатшылардың жазбалары, діни әрі өте көне әдебиеттер әлемнің әр түкпірінен әкелінген деседі. Отырар шамамен V ғасырда белгілі бола бастаған қала. Кітапхана қорында бабылдықтардың қыштан күйдірілген тас кітаптарынан бастап, түркі, парсы, қытай, грек, еуропалық тілдеріндегі кітаптар болуы әбден мүмкін. Ал, ғұндардың өздері өз тілінде жазбалар қалдырып, географиялық карта сызған деседі. Бұл кітапханада ежелгі сына жазумен жазылған туындылар мен папирус орама кітаптардан бастап ортағасырлық Еуропа, Араб және Қытайдың көрнекті ғалымдарының шығармаларына дейін жинақталыпты. Ғасырлар тоғысында кітаптар қоры әлемнің әр түкпірінен мыңдаған әдебиеттермен толыға берді. XII ғасырдың аяғында Отырар кітапханасы атақты Александрия кітапханасынан кейінгі ең ірі кітапхана болған. Бұхар тарих-

шысы Рузбейханның мәлімдеуіне қарағанда, Отырардың қолжазба кітаптары Сығанаққа дейін таратылған. Мұның өзі Отырарда моңғол шапқыншылығынан кейін де бұрынғыдай болмаса да кішігірім кітап қоры болған деп жорамалдауға әбден болады.

ҰШЫРҒАН ҰЯ

Отырар кітапханасы орта ғасырлық дәуірде әлемдік өркениеттің дамуына теңдессіз үлес қосқан кешенді білім ордасы болғаны белгілі. Ертеректе Фараб аталған бұл аймақтан күллі дүние жүзіне мәшһүр, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан оқымыстылар көп шыққан. Отырар жаһандық өркениетке ықпалды болған дарындар мен талапты 22 Әл-Фарабидің отаны болған. Солардың арасынан туған қаласының атын жеркөкке шығарып, Отанының абыройын асқақтатқан, Аристотельдің шәкірті, Авиценаның ұстазы, элиндік ғалымдардың еңбектерін қыпшақ тіліне тәржімалаған аудармашы Әбу- Насыр Мұхаммед бен Мұхаммед Тархан әл-Фараби Отырар кітапханасында білім нәрінен сусындап өскен.

ШЫРАҚШЫ

Ғалымдар мен елшілер, сапсыған саудагерлер керуендері, қолөнершілер, зергерлер шеберханалары мен наубайханалар қызу қайнасып бейбіт өмір кешіп жатты. Кенеттен жау қолы Отырардың саналы да салықалы тіршілігінің астан-кестенін шығарды. Отырар алты ай бойы жауға берілмеді. Қыпшақтың Баба-ата, Сығанақ қалалары қиратылып, Бұқара, Самарқанд, Хиуа сияқты барлық Хорезмдік мемлекеттері талқандалғанның өзінде Отырардың қамалы мықты болды. Отырарлық кітаптардың шырақшысы – Сұнақ руының баласы, оқымысты, көріпкел, Отырар кенті жайындағы «Хикая» поэмасының авторы Хисамуддин абыр-сабыр уақытта құнды кітап қорын жер асты өткелдеріне жасырып тастаған деген болжам бар тарихшыларда. Ия, бұл жорамал ғана. Нақты оның кітаптарды жасырғаны, қайда тыққаны, жалпы кітапхананың тағдыры жайында да еш жазбада таңбаланып қалған мәлімет жоқ.

Отыз жыл бұрын Көкмардан төбелерінің маңынан борсық қуалаған бір малшының иті іннен араб тілінде жазылған көне заманда беттелген кітапты аузына іліп алып келеді. Отырар аңыздарына сай кітапханадағы кітаптарды өзі ғана білетін жер асты жолдарына Хамсудиннің тыққаны рас болса, онда қазақ х а л қ ы н а ө л ш е у с і з д ү н и е - л е р т а б ы -

лып, тарих беттеріндегі көп сұрақтарға жауап табар ма едік?

МӘДЕНИЕТКЕ ҚИЯНАТ

Отырар кітапханасы 1220 жылы ғана жермен жексен болды. Ал, Александрия кітапханасы 391 жылы өртелген болатын-ды. Осы екі аралықта, 830 жыл бойы жаһанның ең үлкен кітапханасы Отырарда болған дейді тарихшы мамандар. Ал, алғашқы кітапхананы шумерлерді 600 жыл билеген біздің даладан шыққан көшпенділер – Қасситтер ойлап тапқан деген дерек те бар тарих беттерінде. Осы дерекке қарағанда Шығыс өркениеттің қайнары болғаны шын. Демек, Фараб өлкесінде әлемдегі ең ірі кітапхананың болғанына сеніміміз арта түседі.

Мыңдаған көне кітаптар, есімі ескі дүниеден естілмей қалған ғалымдардың еңбектері табылар ме еді?! Жер жүзіндегі атағы аңыз болған кітапханалар өртелген, қиратылған. Александрия мен Карфаген, Хиуа, Ташкент, Самарқанд, Бұхарадағы кітапханалар мәдениетке қаскөй адамдар тарапынан талқандалып, жоқ болды. Ал, Отырар кітапханасының кітаптарының бағына орай көне дәуірлік кітапханалар қорымен салыстырғанда табылуы бек мүмкін. Ірі кітапханалардың өртелгені жайында айтқан да жазған да деректер баршылық тарихта. Алайда, Отырар қаласындағы кітапхана өртеліп кетті деген дерек еш жерден кездеспегені, бізге зор сенім ұялатыны сөзсіз

ҚАЗЫНА ІЗДЕУШІЛЕР

Ежелгі Отырар өңірінің көне тарихының ашылмаған сырлары әлі де көп. Солардың бірі адамзат тарихындағы ең ірі кітапханалардың қатарында саналатын Отырар кітапханасын іздестіру болып табылады. 1903 жылы орыстың белгілі ғалымы, археолог А.Черкасовтың Отырар қорғандары тығып жатқан әйгілі кітапхана туралы жинаған шынайы әрі аңыз деректері мен өлі қала төбелерінде жасаған қазба жұмыстары да жер асты жолдарына жол тауып бермеді. Бүгінге дейін жеткен халық ауызындағы аңыз әңгімелер және логикалық тұжырымдар негізінде кітаптар жер асты өткелдерінде тығулы жатыр деген болжам жасайды ғалымдар. Кітапхананың табылуы мен жан-жақты зерттелуіне орасан еңбек етіп келе жатқан тарихшы Е.Омаров бұл мәселеге ЮНЕСКО-ны тарту керек деп мәлім етеді.

Отырар кітапханасы туралы кереғар пікірлер де бар. Мәселен, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық мұражайының директоры Нұртай Алдабергенов Отырар кітапханасы туралы аңыздарға көркемдік туынды ретінде қарайтынын жасырмайды. Ол өз сөзінде: «Кез келген орта ғасырлық қалада, сол сынды Отырар кентінде де өз кітапханасы болғаны анық. Ал, Шығыста кітап әрдайым құнды қазынаға баланған. Егер шын мәнінде де отырарлықтар кітапхананы тығып тастағаны рас болса, көрші жатқан мемлекеттердің ғалымдары мен оқымыстыларының көзінен таса болмайтыны хақ еді. Сол Орта ғасырдың өзінде Отырар кітапханасын аңдып, қам-қарекетін жасар еді

ғой», – деді.

АНЫЗ БЕН АҚИҚАТ

«Қайнар» университетінің ректоры, тарихшы Еренғайып Омаров осы аңызды былайша өрбіткен: «Философтар «жер бетінде алдымен сөз пайда болған» дейді. Шығыстың дана бір патшасы әлемнің ғұлама ғалымдарын жинап алып, сол сөзді табуды тапсырады. Аңызда оны іздеудің ұзақ жылдарға созылғаны айтылады. Әрине, кітаптардың көмегімен іздестірілетіні белгілі. Көз майлары таусылғанша іздеген ғалымдар ақыры ол сөзді тапқан деседі. Табылған сөз әлемнің барлық жұмбақтарына жауап береді екен. Патша да, оны тапқандар да мәз болады. Бірақ уақыт ол адамдардың бәрін аямайды, патшаның аты ұмытылады, оның қаласы қира-тылады, сонымен бірге сөз де жоғалып кетеді. Ғалымдар оны қайта іздестіруге кіріседі. Маған кейде «әлемді жаулаушы Шыңғыс хан сол сөзді іздеп аласұрды ма екен?» деген ой келеді. Отырарлықтар соған ерегіскеннен де кітаптарды тығып тастаған шығар бәлкім. Әлде, Шыңғыс хан тапты ма екен? Белгісіз. Біз де сол қасиетті сөзді, кітаптарды іздестірумен келеміз».

КӨНЕ ОТЫРАДЫҢ ӨРЛЕУІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Көне Отырарды қайта өрлеуі туралы» зерттеу туралы қаулысы негізінде Отырар өркениеті терең зерттеліп, ел тарихының бірінші ғасырынан бергі өмірінен сыр шертетін 20 мыңнан астам баға жетпес тарихи жәдігерлер табылып, мәдени-археологиялық ескерткіштер қалпына келтірілді. Дегенмен, барша жұрттың зарыға күткен Отырар кітапханасынан әлі хабар жоқ. Тіпті бұл мәселеге көріпкелдер мен тәуіптер өз болжамдарын айтып әуре сарсаң болуда. Ел ауызындағы сөзге сай халық әлі дүние есігін ашпаған, болашақ күннің жеті жасар баласынан үміт күтіп, сол күнді торыға тосуда.

P.S. Қатігез жау қала тұрғындарын да қаланың өзін де аяусыз қастықпен жер бетінен өшірді. Тек кенттің өркениетін тарих беттерінен өшіре алмады. Бүгінде шырайлы шаһар орнында құм төбешіктері мен қорғандар бой көтерген мезгілсіз тыныштық орнаған. Отырар қорғандары көзінде абыр-сабыр болған қамсыз қала тіршілігін бір мезетте жұтып алғандай... Жүзжылдықтар тоғысында Отырардың қазынасына қанық болғысы келген энтузиаст жандар мен ынталы ғалымдардың еңбектерінің арқасында көне көзін көрген қорғандардың құпиясына біраз болса да жақындадық. Әлі де ұлттық мәдениетіміздің асыл мұрасына ие болуымыз үшін ұзақ жылдық ерен еңбек жұмсалатыны анық.

Жанар ЕЛЕШОВА



– Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма міндеті мен қызметі жайында сөз қозғасаңыз?

– Былтырғы жылы Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен республикамыздың барлық өңірлерінде жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары ашылған болатын. Алғашқылардың бірі болып Павлодар облысы да былтыр көкек айынан бастап өз жұмысын бастап кетті. Жалпы жастар саясаты жөнінде айтар болсақ 2004 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы қазір талқылану барысында. Яғни толықтырулар мен өзгертулер енгізілуде. Содан кейін осы жылдың 26 ақпанында «Мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі» тұжырымдама қабылданған болатын. Біз қазіргі бар заң мен тұжырымдама аясында жұмыс жасап келеміз. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың міндетін көпшілік түрлі шаралар, семинар-конференциялар,

зардабы әлі де байқалып қалады. Дегенімен, ауыл жастарының жағдайын көтеруге мемлекет атсалысуда. Ауыл халқының өсуімен ауыл инфрақұрылымы дамып келеді. Ауылдың жағдайы мен ауыл жастарының тұрмысын жақсарту үшін мемлекеттік бағдарламалар қалалық кадрларды ауылға шақыртуға, жастарды ауылды мекендерге тартуға қызмет етіп келеді.

– Концепция бар, заң бар, Үкімет жанында жастар саясатын жүргізу жөніндегі басқармалар бар. Енді, құжат негізіндегі Елбасының тапсырмасымен жасалған жастарды қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың қол жеткізген табыстары туралы айтаңыз. Сол мемлекеттік бағдарламалар жеміс берді ме?

– Табысты немесе сәтсіз деп бөле жаруға бола қоймас. Дегенмен әр мемлекеттік бағдарламалардың арқалаған өз жүгі бар, мақсаты айқын жолы бар. «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», т.б. бағдарламалардың әрқайсысының ба-

осы жағдайға сараптама жасап, жас маман өз кәсібімен қызмет етуі үшін, ауылға қажетті мамандарды бағыттап отыру. Мал дәрігерлері, шаруашылық мамандарымен ауылдарды қамтамасыз ету керек. Басқармада еңбек биржасы жұмыс жасайды.

– Жастарды еңбекпен қамтамасыз ету Сіздердің міндеттеріңіз, яғни басқармаға жұмыс сұрап келген жастарға жұмыс тауып беруге әзірсіздер ғой?

– Иә, әрине. Мысалы, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары арасында мемарандумға қол қойылды. Осы аумақ бойынша еңбек биржасы картасы жұмыс істейді. Карта бойынша осы облыс аймағында қандай бос жұмыс орыны бар екені көрсетіледі. Облыс бойынша жинақталған ақпарат әкімшілікке беріледі. Әкімшілік мәліметтерді ортақ базаға орнатады. Бүгінде жастардың Қазақстанның кез келген аймағына жұмысқа орналасуына мүмкіндігі бар. Сонымен

– Жалпы, қоғамдағы азаматтардың құқығынан жастардың құқығынан бөле жарып қарау керек емес деп ойлаймын. Алайда, біз өз тарапымыздан «мына маманды жұмысқа ал», деп жұмыс берушіні міндеттей алмаймыз. Ол да заңға қайшы әрекет. Көп жағдайда жас маман бөріне келісіп, жалақысын басшылықтың қолынан алады. Бұл әрекет заңдық құқығының қорғалмағанынан болады. Жұмыс берушінің заңға сәйкес жас маманды рәсімдеуін қадағалай аламыз. Мәселен, еңбек кітапшасына жазылуын, еңбек өтілімі сияқты құжаттардың дұрыс рәсімделуіне қол ұшымызды бере аламыз.

– Әлеуметтік тұрғын үй туралы бағдарламада жас отбасылар бірінші кезекте үй алуы қажет делінген. Расында жастар алғашқы кезекте баспаналы болады дегенге келісесіз бе?

– Әрине келісемін. Жас отбасылардың жалақы мөлшері, отбасындағы балалар саны сынды факторлардың бәрі де есепке алынып, балдық жүйе

ЖАСТАРДЫ БАРЫНША ҚАМТУ – МАҚСАТТЫ ДА ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

флешмоб өткізумен шектеледі деп түсінеді. Негізі бізге жүктелген міндет жастар арасындағы хал-ахуалды біліп, оны жинақтап, сараптама жасап, мемлекеттік жастар саясатын жүргізу жұмыстарындағы кемшіліктерге нақты бағытталған жұмыстар жасау. Басты мақсат жастардың жалпы бос уақытын қамту болып табылады. Облыс тарапынан жастардың бос уақытын барынша қамтуға көптеген іс-шаралар жасалып жатыр. Шығармашылық, спорт ұйымдарымен жастарды қамтудың маңызы зор. Қазіргі таңда ашық спорт алаңдары салынып жатыр. Мұндай шаралар қалада ғана емес, аудан орталықтары мен ауылдарда да қолға алынуда. Жастарды оқушы жастар, студент жастар, жұмысшы жастар деп үш топқа бөліп қарастыруға болады. Оқушы жастардың бос уақыты барынша қамтылған. Облысымызда оларға арналған жаздық лагерлер жұмыс жасайды. Жұмысшы жастарды жұмыспен қамту да біз арқаулаған міндеттердің негізгісі. Бос жүрген жастар арасында қылмыс та көптеп кездесетіні белгілі. Сондықтан да жастарды барынша жұмыспен қамту қажет. Мәселен, жұмыспен қамтылған жастың алдында мемлекет алдында, басқа да міндеттемелері болады. Олардың көбісі отбасылы. Сол себепті де мемлекеттік міндеттерінен бөлек, отбасылық міндеттерін атқарып жүрген азаматтың қылмыс жасауға қолы тимейді. Одан кейін әлеуметтік қорғалмаған жастарға мемлекеттік бағдарламалармен таныстыруымыз қажет. Жастардың білім алуына, кәсібімен халқына қызмет етуіне, біліктілігін арттыру, қосымша білім алу жолдарын қарастыруда арнайы бағдарламалардың міндеттерін түсіндіру жұмыстары жүргізіледі біздің тарапымыздан. Осы жағдайда ауыл жастары туралы айта кеткен жөн. 70-75 пайыз қала жастары болса, 20-25 пайыз ауыл жастары екенін ескеруіміз керек. 1990 жылдары ауылдарда жастардың жалпы урбанизациясы жүріп жатты. Сол жылдардағы жастардың жаппай қалаға көшуі ауылдық хал-ахуалды төмендетті. Инфрақұрылымды әлсіретті. Осының

Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Жастар саясаты мен жастардың хал-ахуалынан хабардар болу мақсатында Павлодар облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма бастығы Мейіржан Қазыбекұлы Жанұзақовпен сұхбаттасудың орайы түскен еді.

ғыты мен мұраттары алуан. Мәселен, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы жастар ауылдарға бара бастады. Ауылдағы маман тапшылығын біршама азайтты.

– Сонда да жас мамандар ауылға бірнеше жылға ғана барып, қалаға қайта оралып жатады. Жастарды ауылға осылайша қоныстандыра аламыз ба?

– Ауылға аттанған жас мамандар үшін мемлекет жақсы жағдай жасап отыр. Жас маманға берілетін үстеме ақы жастардың оқудан кейінгі жағдайын жақсартып алуына себеп болады. Жұмыс, тұрғын үй алу үшін жеңілдетілген несие сияқты жеңілдіктер Үкімет тарапынан қарастырылған. Еңбек өтілімі, оқыған кәсібі бойынша қызмет етеді. Кәсібінің нәсібін көреді. Ал, қалада мамандығыңмен табылса жұмыс жасайсың, табылмаса басқа кәсіптің ығына жығыласың. Бұл да ауыл жастарына жасалған артықшылық, осы бағдарламаның табысы деп ойлаймын. Сондықтан, «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен жастар ауылдарға барып жатыр. Жастар бармай жатыр деуге болмайды. Тек, қиырдағы ауылдан гөрі жас мамандар аудан орталықтарында жұмыс істегісі келеді. Өйткені, аудан орталықтарындағы инфрақұрылымдардың шоғырлануына байланысты жастар да мамандықтары бойынша жұмыс тауып жатады. Қаржыгер, заңгер сияқты мамандар әрине аудан орталығындағы банк, пошта, әкімдіктерде еңбек етуді көздейтін де рас. Ендігі біздің міндет

қатар, біздің бастамамызбен жастарға жолы айқын бейнеленген әлеуметтік карта ұсынуды қолға алып отырмыз. Бұл қазір Қазақстан бойынша жол тартып, іске асып жатыр. Мәселен, мектеп табалдырығын тамамдаған оқушының жолы анық бейнеленетін болады. Орта, жоғары білім алғаннан кейінгі жұмысқа орналасу немесе біліктілігін арттыру, қосымша білім алу сияқты бағыттар айқындамасы кескінделген әлеуметтік картаны әрбір жасқа ұсынамыз.

– Кеңес дәуірінде жүйелі жастар саясаты қызмет етті. Жастардың 100 пайызы қамтылды. Бүгінгі жастар саясатын жүргізудің тұрақты әрі тиімді механизмі бар ма? Жастарды қаншалықты қамтып келесіздер?

– Әлбетте. Жүйелі механизм бар. «Жас ұлан», «Ұлан», «Жас Отан» сияқты жастар ұйымдары бізде де қызмет етеді. Облыстық білім беру басқармасы аталған бағыттарда әрі тәрбиелік маңызы бар іс-шаралармен жұмыс жасайды. Ал, 18 жасқа толған жастарды біз белгілі бір ұйым мүшесі болуына міндеттей алмаймыз. Жастарды барынша қамту – мақсатты да жүйелі еңбектің жемісі.

– Жастар саясаты туралы заңның бір парасы жастардың құқығы мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Жастардың құқығының қорғалуына байланысты шағым мәселелер келіп түсе ме? Мәселен, жұмыс беруші жас маманның тәжірибесіз болғаны үшін, былайша айтқанда жас болғаны үшін ғана жұмысқа алмауы мүмкін.

бойынша есептелінеді. Жоғары балдық көрсеткішпен баспана алуына жол ашылады.

– Жастар және дін. Шиеленіскен әрі күрделі тақырып. Дін мен жастар тұрасында не айтар едіңіз?

– Еліміздегі діни жағдайда жастардың жан-жақты ақпараттанғаны абзал. Елбасымыздың мынандай сөзі бар: «Бабаларымыз ұстанған ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген дәстүрлі ислам жолын ұстанамыз». Мен осы сөздерге толықтай келісемін. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Ал, хиджап мәселесіне келер болсақ, біздің әйелдердің ұлттық қалыптасқан киіну стилі бар. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салғанымыз жөн деп ойлаймын.

– «Қазақстан-2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы ҚР Үкіметімен қабылданды. Тұжырымдама бұрынғы жастар саясаты туралы құжаттарынан несімен ерек?

– Тәуелсіз елдің ертеңі бүгінгі жастардың қолында екені даусыз. Қазақстанда жастар саясатына баса мән беріледі. Өйткені дамыған, бәсекеге қабілетті, гүлденген Қазақстанды қалыптастыру кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, елін сүйер және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру керек екендігін еске саламын. Тұжырымдаманың маңызды ерекшелігі ҚР «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сай бағытталуы.

– Өңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ

Сандар не сырлы? Жасырып тұр?

Форд мырза математикаға әуес еді. Бірде ол Пифагордың сыйқырлы шаршы кестесіне көзі түседі. Көне грек ойшылы «әлемді сандар билейді» деген. Математиктің айтуынша дүниедегінің барлығын есептеп шығуға әрі математикалық анықтама беруге болады екен. Тіпті оның сандарға деген қызығушылығы сандар (нумерология) ғылымның құрылуына себепші болады. Сандар қатарын, негізгі тоғыз сандарының құрамын, қалғандарын құрамдас екенін дәлелдеп шыққан осы грек ғалымы. Ол тоғыз саннан тұратын ерекше сиқырлы шаршы құрап, сол сандардың ішіне әлемнің үйлесімділігін сыйғыза білген бірден-бір ғұлама ғалым. Шаршы құрылымы өте қарапайым құрастырылған. Форд мырза көне шаршының қызығына ене берді. Олардың ерекше сиқыры барына бірте-бірте оның көзі жете түсті. Ежелгі гректердің жазбаларында Пифагордың шаршы кестесін олар алтын, күміс, бидай басқа да қазыналары бар қоймаларға қазынасы одан бетер молайсын деген ниетпен іліп қояды деген деректер бар. Ал американдық Форд мырза Пифагордың сандар шаршы кестесін доллар банкнотына сызып алып, әмиян түбіне салып, ел көзінен таса ұстаған көрінеді. Міне қызық, жұмысы жүре бастады. Уақытынан бұрын қаржысы көбейген үстіне көбейе түсті.

Математика тарихында сиқырлы сан шаршы кестелері көп көрінеді. Сандардан құралған адам денесінің эволюциясы мен түзету жасауына бағытталған шаршы авторы емші, дәрігер Парацельс. Бұл сандар құдіреті науқастың жастығының астында болған кезде күшіне еніп, саулық береді екен.

Бұдан өзге таңғажайып сандар құрамынан құрылған Юпитер шаршысы бар. Мұны тағы дақ пен биліктің шаршысы деп атайды. Бұл сандар тізімін қызыл жібекке жазып алып бөлменіздің оңтүстік бұрышына қойсаңыз болғаны дәулетіңіз арта түседі екен. Қай жағынан санасаңыз да 34 санына тең келетін шаршы алдыңғы шаршылардан мәртебелі саналады. Себебі, нәтижесі 7 санына тең келгендіктен, демек, материалдық (6) емес рухани (7) күшке ие.

Сиқырлы сандар

Жалпы сандар сиқыры көне антикалық дәуірден бері адам өмірінде маңызға ие болып келеді. Ежелгі ғалымдар сандардың ерекше әрі таңғажайып қасиетке баланғанын зерттеп шыққан. Бұл үрдіс діни нанымдарда да көрініс тапты. Киелі жазбаларда болашақта болатын оқиғалар мен қилы тағдырлар жайын сандар құпиясымен жеткізген. Алғаш рет сандардың сиқырлы қасиетін ежелгі мысырлықтар, үндістер және халдейлер зерттеген. Олар өздерінің жаңалықтарының бәрін көзайым ете бермеген. Антикалық иудейлердің «Жаратылыстың бастауы» кітабындағы бейнелеулеріне зер ассақ сандар мен әріптер арқылы әлем жаратылған.

БҮГІНГІ АДАМ САНДАРСЫЗ ӨМІРІН ЕЛЕСТЕ АЛМАЙТЫНЫ АНЫҚ. АДАМНЫҢ ТҰЛА БОЙЫНАН БАСТАП, ЖҮРІП-ТҰРУЫ, ІШІП-ЖЕМІ, ЕҢБЕГІ МЕН ДЕМАЛЫСЫ БАРЛЫҒЫ ДА САНДАРҒА ТӘУЕЛДІ. БҮГІНДЕ ЕСЕПСІЗ КҮНІМІЗДІ ЕЛЕСТЕТУ МҮМКІН ЕМЕС. САНДАРДЫҢ ДӘУРЕНІ ЖҮРІП ТҰР. ТІПТІ ТАУАРЛАРДЫ АЙТПАҒАНДА АДАМДАРДЫҢ ӨЗІНЕ ҒАНА ТӨН ЖЕКЕ САНДАРЫ БОЛАДЫ ДЕГЕНДІ БІРАЗ ЖЫЛ БҰРЫН АЙТҚАНДА ЕШКІМ СЕНБЕС ПЕ ЕДІ. БҮГІНДЕ ТАУАРДЫ САТЫП АЛУ, ҚАРЫЗ АЛУ Т.Т. БЕЛГІЛІ САНДАРМЕН БЕКІТІЛГЕН НӨМІРЛЕР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. АҚПАРАТТЫҚ ЗАМАНДА КЕЗ КЕЛГЕН ХАБАРДЫҢ, МӨТІННІҢ БЕЛГІЛІ ЖЕРГЕ ЖЕТУІ ДЕ БЕЛГІЛІ САНДАРДАН ҚҰРАЛҒАН КОД АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗІЛЕДІ. ӨР АТТАМ ЖЕРДЕ БІЗ САНДАРМЕН КЕЗДЕСЕМІЗ. ОЛАРҒА КӨЗІМІЗ ҮЙРЕНІП, ЖАУЫРЫНЫМЫЗҒА ЖАЗЫЛҒАНЫ СОНШАЛЫҚ ОЛАРҒА МӘН ДЕ БЕРМЕЙТІН БОЛҒАНБЫЗ. САНДАРДЫҢ БІЗДІҢ ӨМІРДЕГІ АТҚАРАР ЖҮГІНІҢ АУЫРЛЫҒЫ НЕШІК?

Сандардың айтары мол

Сандар белгісі зат қасиетінің көрінісі. Асылында, сандар сиқыры іс жүзінде бар және оны ешкім жоққа шығара алмасы хақ. Мәселен, 1 және 3, яғни 13 қауіп қатерге толы сан. Әсіресе ол жұмаға дәл келсе, батыстықтар одан сайын үрейлене түседі. Өйткені жұмаға түскен он үш күні 1307 тамплиер рыцарьлері өлім жазасына қиылған екен. Орыс халқының сенгіштері 13-ті «бақытсыздыққа» балап, бұл күні тағдырынан жақсылық күтуге болмайды десе, ағылшындар: сенімі күштілер үй салып, үйленуге болмайды, тіпті автобус, поезд, ұшақ, автокөлікке отырып жол жүруге болмайды, олар бақытсыздық әкеледі деп, ешқайда шықпай үйлерінде болады екен. Ал, 7 санының сиқырлық қасиеті – көңіл бөлудің шегі. 666 – шайтандық сан. Ол өте сирек кездеседі, ал кездесіп жатса жамандықтың шақыруы деп жориды сандардың сиқырына сенетіндер. Әрбір зат есімінің сандық белгісі болатынын түсіндік.

Қодтық таңба

Кез келген зат сатылуға арналып жасалады, демек әр тауардың өзіндік сандардан тұратын коды болады. Ол қодтық белгі болмаса тауар сатылмайды, дүкен сөресінен орын ала алмайды да. Яғни, өндіруші кәсіпорын міндетті түрде өнімдерін зауыттан сандардан құралған кодпен белгілейді. Ол – тауарға мінездеме беретін штрих код. Елі, өндірушісі, тауарлық тобы, сапалық сипатын білдіретін 13 саннан тұратын код барлық тауарда болуы шарт. Биылғы жылдың басынан бері әр қазақстандықтың жеке сәйкестендіру нөмірі бар. Сонымен заттар ғана емес, адамның да сандар құрамына байланғаны рас. Сандар сиқыры арқылы тіпті адам тағдырын, болашақты болжауға болады екен.

7 санының сиқыры

Жеті саны сандардың ішіндегі ең таңғажайыбы десек қателеспейміз. Неліктен

жеті санын жаһан жұрты әспеттеп, қасиетке теңейді? Ең бірінші ойға келетіні көне адамдардың жеті ғалам шардың барына сенім артқаны. Көне мәдениетте аспан денелерінің барлығы да құдайлық қасиетке баланды. Басқа да ғаламшарларды тапқанша жеті саны адамдардың түсініктеріне бекіп орын алып, мәдениеттеріне сіңіп кеткен сыңайлы. Жеті саны тек аңыз, ертегі, салт-дәстүрлер, мерекелер, сиқыршылық, көріпкелдік бағытында ғана емес діни жазбалардан да көрініс тауып жатты. Жалпы діни мағынада бұл сан уақыттар мен кеңістіктерді билейді екен. Бұл санды зерттей келе, осы бір ерекше сан әлемнің барша халқы үшін белгілі маңызға ие болғандығын білуге болады. «Құдай әлемді жеті күнде жаратты». Дүниежүзілік тарихта жеті санына байланысты әр халықтардың аңыздары көп-ақ. Мысырлықтар үшін өмірді, көне гректер үшін шығармашылықты, исламда жеті пайғамбар, Кааба тасын жеті рет айналу, жеті күнә сияқты ұғымдары ескерілсе, христиандық діни ұғымда жеті саны аяқталғанды, толыққандылықты білдіреді. Жаратқаннан түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады.

7 - жылдам есте сақтаудың эквиваленті

Мәселен, Калифорнияның BioCircuits Institute at the University of California, Institute for Nonlinear Science ғылыми институтының зерттеулері 7 санының адам санасына ерек әсер ететін сиқырлы сан екенін дәлелдеді. Сарапшылардың айтуынша 7 – адам миындағы «жылдам есте сақтау» көлемінің максималды эквиваленті. Сондықтан, жетімен байланысты кез келген белгілер есте жылдам сақталады. Әсіресе, жеті сандық телефон номерлері есте мейлінше сақталып қалады екен. 7 санымен адам санасы арасында нендей байланыс бар? Адам бас ми қабатының синапс саны мен олардың негізгі араларын жеті саны байланыстарды екен. Оған дәлел осы теорияның авторы Михаил Рабинович адамның нервтік жүйесіндегі математикалық күрделілікке қарамастан барлығының нәтижесі жеті болады депті.

Тағдырыңды шешкен сандар


Қытайлықтар санға үлкен мән береді. Оларға сенсек, әрбір санның өз мәні, энергиясы бар, біз оны сезбеуіміз де мүмкін. Қазірдің өзінде қытайлар үй сатып алу, көлік, телефон номерінде міндетті түрде санға қарайды. Олар «4» санын ең бақытсыздық әкелетін сан деп біліп, ауруханаларда 4 қабат деген белгінің орнына 3 «а» деп таңбалайды. Ал, 4 саны белгіленген бөлмелерде, ауруханаларда науқастар емделуден бас тартады. Олар еуропалықтар жын-шайтанмен байланыстыратын 13 санын шетелдіктер жиналатын жерлерден көбіне алып тастаған, мысалы, лифтіде 12-ден кейін бірден 15 саны көрсетіледі. Және 13 санына жақсы қарамайтын тағы бір себебі, мына математикалық өрнекте жатса керек: $1+3=4$. Қытайлықтар 8 санын ерекше құрметтейді. 8 санының өзі шексіздікті білдіретініне мән береді. 8 – қытайша «фа» – «байлық» (сәттілік, гүлдену) дегенді білдіреді. Сондықтан осы сандардан тұратын телефон мен машина нөмірлері сәттілік әкеледі деп сенеді. Қытайлықтар жақсылыққа ырымдап 8.08.2008 күні кешкі сағат 8-де Пекинде 29-шы жазғы Олимпиада ойындарын бастады.

Киелі сан

Әр ұлт халқы сандарды тек сандық ұғымда қолданбай, оларға өзінше киелі мән берген. Сандық нышандар сырын тек сандық тұрғыдан емес, сол халықтың жаратылыс болмысына, өмірге деген пәлсапалық көзқарастарына, діни наным-сенімдеріне және олардың мәдениетіне терең үңілгенде ғана ашуға болады. Қазақ халқында үш, жеті, тоғыз, қырық сандары қасиетті, киелі сандар деп есептелген. Ал, 7 қазақ халқының ұғымында қалыптасқан киелі сан. Ұлттық рең алған көне мәдениет құбылысы. Бұл құбылыстың басқа халықтарда да кездесуін олардың бір-біріне тигізген әсерінен гөрі әр қайсысының өзіндік дүние танымынан туындаған ортақ құбылыс деп қараған жөн.

Түйін. «Сандар әлемді басқармайды, бірақ қалай басқару керектігін үйретеді», – деп ойшыл әрі ақын Гете айтқандай, сандар төңірегінде үлкен сыр бар екені шын. Әр санның астарында белгілі бір ойдың барына шүбә келтіре қоймаспыз. Дегенмен, сандардың құпиясын ашуға ұмтылып, тек сол сырдың жетегінде жүру жөн бола қоймас.

Айдана
АБДІХАЛИ



БІЛІМГЕ САЛҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛА МА?



ТУРАСЫН ОЙЛАҒАНДА БАЛАҢА ҚАТЫН ӘПЕРМЕ, ЕНШІ БЕРМЕ, БАРЫҢДЫ САЛСАҢ ДА, БАЛАҢА ОРЫСТЫҢ ҒЫЛЫМЫН ҮЙРЕТ! МЫНА МЕН АЙТҚАН ЖОЛ – МАЛ АЯР ЖОЛ ЕМЕС, ҚҰДАЙДАН ҚОРЫҚ, ПЕНДЕДЕН ҰЯЛ, БАЛАҢ БАЛА БОЛСЫН ДЕСЕҢ – ОҚЫТ,

МАЛ АЯМА! ӘЙТПЕСЕ, БІР ИТ ҚАЗАҚ БОЛЫП ҚАЛҒАН СОҢ, СА-ҒАН РАХАТ КӨРСЕТЕ МЕ, ӨЗІ РАХАТ КӨРЕ МЕ, Я ЖҮРТҚА РАХАТ КӨРСЕТЕ МЕ?

Абайдың жиырма бесінші сөзінен

Бүгінгі күні білім болашаққа салынған сенімді инвестиция көзі болып отыр. Дүниедегі ең құнды тауарлар қатарында. Ел дамуы азаматтардың сауаттылығына тікелей байланысты. Қазақстандықтардың үштен бір бөлігін отыз жасқа толмаған жастар құрайды. Яғни, олардың мақсаты айқын, болашағынан зор үміт күттіріп отырған, ел болашағының резерві.

Еліміздің саналы азаматы, білікті маман болуына жағдай жасау үшін оларға сапалы білім беру мемлекеттің негізгі ұстанымдарының бірі. ҚР Конституциясы мен «Білім туралы» заңына сай барлық азаматтар конкурстық негізде мемлекеттік степендиясы бар жоғарғы және орта кәсіптік білім алуға құқылы. Ал, қажетті балл жинай алмай қалған талапкерлер ақылы білім ала алады.

БІЛІМГЕ САЛҒАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛА МА?

Қазақтың психологиясында ақылы білім алу, тығырықтан шығудың бір жолы іспеттес. Білімге инвестиция салу деген ұғым жоқ біздің санада. Әлемдегі алдыңғы қатарлы аты шулы университеттердің барлығы дерлік жеке білім ошақтары және оқу ақылы түрде ғана жүргізіледі. Яғни, қаншалықты қаржы құйсаң, соншалықты білім деңгейіңді өсіресің. Және танымал

оқу орынның дипломы сеннің болашақтағы сәтті мансабыңа жол ашады. Мәселен, шетелдердегі ЖОО-ның оқу құны мынандай: *Кембридж университеті 38000-40000\$, Гарвард 38000-40000\$, Масачусетс университеті 38000-40000\$, Оксфорд 20000\$-дан жоғары, Пенсильвания 40000-42000\$, Лондон колледждері 24000-28000\$, Германияда 15000-18000 евро аралығы, Францияда 16000 евродан басталады, Голландияда 12000 евродан басталады, Бельгия 12000 евродан жоғары, Мальтада 6500-15000 евро, Қытай – 3000-20000\$, Япония – 5000-18000\$, Сингапур – 5000-25000\$, Оңтүстік Корея – 14350\$ бастау алады. Бұл көрсетілген оқу құны бір жылдық бакалаврлық оқу ақысы, әрі таңдаған мамандығыңызға байланысты оқу құны өзгеріп отырады.*

Қазақстандағы білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындардың сапалы біліммен қамтамасыз етілуі жолға қойылуда. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев білікті маман даярлау және сапалы білім беру ғылым және инновациялық саланы халықаралық стандарт талаптарына сай жетілдіру мәселесіне баса назар аударып отыр. Халықаралық тәжірибеден байқасақ, білімге

салған қаржы қоғамның көркеюіне, экономиканың табысты болуына бірден-бір себепкер екен. Мәселен, американдық компаниялар бір қызметкерін оқыту үшін 35 мың доллар жұмсап, одан 1млн. табыс көреді екен. Ал, жылына АҚШ компаниялары өздерінің қызметкерлерін оқыту мақсатында 50 миллиард доллар салса, 1 триллион 430 миллиард доллар табыс алатын көрінеді. Ұлыбритания 40 миллиард доллар инвестиция құйса, одан 1 триллион 140 миллиард пайдаға кенеледі екен.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

ҚР білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов былтырғы жылдың 24 тамызында өткен «Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты» атты конференцияда еліміздің ЖОО-лары әлемдік деңгейдегі білім жүйесіне ену процесі жүре бастағанын атап өтті. Біріншіден, университетке дербестік беру, оларды тәуелсіз аккредиттеу, білім алушылардың, оқытушылардың білімдері мен инновациялардың халықаралық мобилдігі, «ғылым-білім-инновациясы» тиімді синтездеу жолға қойылатын болады. Екіншіден, заман талабына сай келмейтін ЖОО-лар оңтайланатын

болады. Үшіншіден, ЖОО-да академиялық мобилділікті кеңейту жүреді. Яғни, ЖОО-да барынша ағылшын тілін және басқада тілдерді оқыту алға қойылады. Бұл коммерциялық маңыздылықты ғана емес, елдегі жоғары мектептердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады деген сенім бар. Қазақстандағы ЖОО-да көп тілділікке көшуі пилоттық негізде жүзеге асады. Бірінші кезеңде бұл жекелеген ЖОО-дардағы белгілі мамандықтарда жүрсе, уақыт өте келе, бұл әдіс тәжірибие мен кадрлық резервке қарай кеңейетін болады. Төртіншіден, енді оқытушылардың сапасын арттыруға мән беріледі. Министрдің ұстаз дайындау сапасын арттыру тапсырмасы бойынша Еуропа және АҚШ ЖОО-нан педогогикалық мамандар бірлескен бағдарлама іске асады.

Білімділік – әлем сұранысы. Дүниенің дүбіріне ілесіп қалу үшін сауаты ашық ел атану парыз. Біліміңді биікке самғату өз қолыңда. Қандай әдіспен өз еркіңде. Алдағы мемлекеттер қатарына ілесу ме, бұйрықпен өмір сүру ме, ұтымдыға ұмтылу ма, таңдағаның. Мейілінше қоғам қатарына қосылу үшін, білім алып, сапалы сауат ашу міндетіміз.

Исаәділ СҮЙІНДІК

АРДЫҢ ІСІ

Аяқ асты болған тұтынушы құқығы



«Өзіңізге ұнамаған тауарды, арзан болғаны үшін ғана сатып алмаңыз. Өйткені, арзанның құны сізге қымбатқа түсетінін ұмытпаңыз».

Томас Джефферсонның «Тәжірибеде есте ұстайтын 10 өсиет» еңбегінен

Бүгінгі қоғамды тұтынушы мен өндірушілерсіз елестету мүмкін емес. Адамзат тарихында адам ықылымынан бері әрдайым тұтынушы мен өнім өндіруші болғаны мәлім. Кез келген адам өзгенің өндірген тауарына мұқтаж. Біз не нәрсені болса да тұтынамыз. Ал, осы күні өндірушілердің бір-бірінен жарыса алуан түрлі өнім, сан түрлі қызметтерді шығарғаны тұтынушыны одан сайын тығырыққа тіреді. Тіпті екі жақтың қарым-қатынасының шиеленіскені соншалық, жаһан жұртшылығы тұтынушылардың құқығын қорғайтын заңдарды іске асырып, ұйымдар ашып өуре.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ИДЕЯСЫ

Тұтынушыны қорғау идеясы саудагерлер мен өнім шығарушылардың жауапсыздығы мен ашкөздігінен туындаған. Қоғамда тұтынушының құқығын қорғау ұйымдарының пайда болуы аз қаржы салып, көп қазынаға иеленгісі келген са-

раңдардың арсыз әрекеттерінен туындаған. Тұтынушылардың құқығын қорғау тарихы сонау көне Греция мен Рим империяларының кезеңінен бастау алады. Сол уақыттың өзінде тағамдардың сапасын қадағалап отыратын заңдар болған. Римдіктер мен гректерде шараптарды да сараптауға бағытталған заңнамалар болыпты. Тұтынушы құқығын қорғайтын ережелер дала саудагерлері мен тұтынушылар арасында да жүзеге асқан. Ал, тәртіп пен дәстүрлерді ерекше бағалайтын ағылшындар елінде 1860 жылы азық-түлік өнімін жалған қолдан жасауға тыйым салатын заң – акт жасалады. Өсіресе, бұл заң – сүтті қолдан жасаушыларға қарсы әрекет танытқан құжат еді. Сол уақыттағы саудагерлер су қосылған сүттің реңін майлы ету мақсатында сүтке сарғыш түсті бояу қосқан екен.

Тұтынушылық қозғалыстар XX ғасырдың басында АҚШ-та серпін ала бастады. Тұтынушылардың құқығын қорғау қозғалыстарының әлем бойынша белең алуы сол XX ғасырдың өзінде құрыла бастаған бірлестіктер мен тұтынушылар қоғамдас-тықтарының арқасысында жүзіге асты. 1890 жылы Нью-Йоркте жұмысын бастаған сатушылар лигасы сатушыларға тәрбиелік маңызы бар кеңестерден бөлек, әлеуметтік және экономикалық міндеттерді мойнына алды. Сатушылар лигасы сапалы өнім шығарушы өндірушілер мен сапалы қызмет атқаратын фирмаларға арнайы лиганың тауарға қыстырма этикетін беруді жолға қойды. Өндіруші компаниялар сапа қыстырмасын алу мақсатында сапалы өнім шығаруға барын салды.

1961 жылы 15 наурызда АҚШ конгресінде Джон Кеннеди тұтынушының құқығын қорғау туралы алғаш рет аузына алып,

тұшымды пікірлерімен бөліскенді. Ол өз сөзінде: «Тұтынушы – бұл біздерміз. Ол кез келген жеке немесе мемлекеттік экономикалық шешімге әсер ететін ірі экономикалық әлеумет. Көбіне естілмей қалатын жалғыз ғана дауыс осылардың дауысы екені рас», – деді. Джон Кеннеди жиылған қауымға ең негізгі төрт қағидалы бағытты белгілеп берді. Мәселен, тұтынушы ақпараттық, қауіпсіздік, таңдау және өзі турасында хабарлы болу құқықтарын қорғау жайында айтты. Содан 1983 жылы дүниежүзілік тұтынушылар құқығын қорғау күні алғаш аталып өтті. Ал, Қазақстанда 2010 жылдан бері «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заң жұмыс істеп келеді. Бұл заңның барына қарамастан тұтынушының құқығы әлі де аяқ асты болуда. Мерзімі өтіп кеткен, сапасы төмен, денсаулыққа зиянды өнімдер саудалап жүрген сатушылар заң алдында жауап беруге асығар емес. Сапасыз өнімді ауыстырып немесе ақысын қайтарып беруге шапшаңдық танытпайтын сатушылар тұтынушының құқығын бұзып жататыны тағы бар. Кез келген өндіруші мен сатушы өз тауары мен қызметі үшін тұтынушының ғана алдында емес, заңның алдында да жауапты екенін түсінсе болар еді.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУҒА БЕКІНГЕН ҰЙЫМДАР

Қазақстан 2000 жылы Consumers International-дың мүшесі ретінде ТМД елдері арасында тұтынушылар құқығын қорғаудан алғашқы орындардан көрініп келеді. ConsumersInternational дегеніміз – құрамына дүние жүзінің 115 елінің тұтынушыларын қорғауға қатысты халықаралық тұтынушылық қозғалыстарды бірігіп қалыптастыруға ықпал етіп жүрген 220 мүше

ұйымдарды біріктірген бірегей тәуелсіз тұтынушылар ұйымы. Біздің елде де тұтынушылардың құқығын қорғаумен айналысатын 40-қа жуық ұйымдар жұмыс жасайды. Алайда, осы ұйымдар қаншалықты тұтынушылардың құқығын қорғауда? Кейде тұтынушыны заң шеңберінде қорғағысы келсе де, пәрмені жүрмей, дал болды. Себебі, қазақстандық тұтынушы заңмен қорғалып қойған құқықтарын біле бермейді. Сапасыз тауар алып, сапасыз қызмет үшін жауапқа тарту үшін міндетті түрде тауарды не болмаса қызметті сатып алғаныңызды дәлелдейтін түбіртек болуы тиіс. Бұл құжаттың болмағаны сіздің құқығыңызды қорғау әрекетіне қол байлау болатыны хақ.

Түйін. Бүгінде жеке бастық ұнатпаушылық сезімдері қазақстандық тауар мен қызмет түрін ұсынатындарға іскерлік әрекетін дамытуға кедергі болар зор қасірет болып отыр. Себебі, біздің елде дүкендер, темір жол, ойын-сауық, қоғамдық тамақтану, қоғамдық көлік, мұражайлар, қонақ үйлер, емханалар мен ауруханалар, бала-бақша мен мектептер, тұтынушыға қызмет жасаудың барлық салаларында клиентпен жұмыс жасау менеджменті жасалмайды да, клиентке қызмет ету маркетингі дамытылмайды. Содан, тұтынушы қалағанына қол жеткізбейді. «Мына арзанның астында не тұр екен» деп күдіктенумен болады. Бір алданған бастың кейін де өндірушілерге сенімі жоғалып, күмәні басым болатыны рас.

Құқығын қорғамақ болған тұтынушы сотқа арызданып, зертханаға шығындалып, ақырында құқығын аяқ асты ететін түйін сөз шығып жатқанын құлақ естіп, көз көрді.

Жанар ЕЛЕШОВА



DemAll

Асық ойнаған баладан...



ҚҰРАК КӨРПЕ

АСЫҚ АТАУЛАРЫ

Асық – қой мен ешкінің асық жілігі. Келіннің аяғы ауырлап босануға тақағанда, енесі не атасы ырымдап асық жинап жүргені атаның құдай ұл берсе деп тілегені. Оны жасырып оңаша келінге сездірмеуі мүмкін. Ондағы ойлары көз тимесін, келін аман-есен босанса екен деп тілек тілеуінің бір тәсілі. Ер баланың бесігіне қасқырдың асығын таққаны ауырмасын, көз тимесін және айбатты, қайтпас қайсар, болсын дегені. Қыз баланың бесігіне еліктің асығын, әдемі сұлу ел қызығар көркі болсын дегені. Ерте кездегі табиғаттың қатал, аңдардың олжаға оңай ілікпейтіндігін, аңшының адал еңбегі, ер азаматтың қайраты мен жау жүректілігі екендігін жақсы білеміз. Сондықтан да аңның асығы қадірлі болған.

Сақа – қолдағы бар асықтың үлкені, салмақтысы. Сақа арқардың асығы болуы шарт. Ертеде бай қуаттының балалары ұстайтын "қоңқар" немесе "құлжа" арқардың еркегінің асығы. Салмақты қолға қолайлы және ойнағанда мерейің жоғары болып жүреді. Тиген асықтар быт-шыт болып жан-жаққа бытырай ұшады. Мықты ойнайтын кедей кепшіктің балалары "қой асығы деменіз, қолға жақса сақа тұт, жасы кіші деменіз ақылы асса аға тұт" – деп қулана мақалдап та қоятын.

Қорғашбай сақа – табан жағынан ойылып қорғасын құйылған сақа.

Топпай (томпай) – бұзаудың, тайыншаның асығы (жалпы сиыр асығын томпай дейді). Мұз үстінде әдейі асық ойнау үшін жасалған алаңда ойнағанда, алыстан атылатын ойындарға топпай сақа ретінде пайдаланылады.

Шүкей, шүкімайт (үшкейт) – қозы, ешкі асығы. Ол да айырбасқа жүреді.

Кеней – шүкейдің көп жұмсалып мұжылған (мұжілген) түрі.

Құлжа – арқардың аталығының асығы, **Жабайт** – еліктің асығы,

АСЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Асық ойынының алшы ойыны, омпа, асықты тігіп ойнау, тас қала, хан, хан талапай, құмар, хан атпақ, хан жақсы ма, ханды қара басты, хан мен үзгір, үйірмекіл, сасыр, атпақыл, қақпақыл, ұштабан, омпы, алтыатар, шықетер, тисінқабат, табан, төрт асық, бес асық т.с.с. асық ойынының 60-тан аса түрі бар екен.

Қойын-қонышына асықтарын толтырып алып, топтаса, жамыраса асық ойнаған баланың қызығының өзі бір бөлек дүние екен-ау. Тізілген асықтарды атқылаған бүлдіршіндердің айқай-шуы көптің көзінен әлі де кете қоймады. Асығын бояп, қорғасын құйып, ләңгісін әрлеп жатқан балалар әуресі бірер жылдардан кейін көзден ғайып болатыны туралы ешкімнің ойына келмеген болар сол кезде. «Таста анау асығыңды, кір үйге» деп айқай салып жатқан ананың даусына да құлағың шалынбайды бүгін. Ең өкініштісі асық ойынының ауладан кеткені. Аулада қажет болмаған ойын, кейінгі өскелең ұрпаққа жетуі де екіталай. Асық ату шараларда, мерекелерде ғана көрсетілетін көрмеге баланған ойын болғанына не себеп?

Асық ойындары ұлттық ойындар ішіндегі ең көнесі. Асық ату – тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ ұлттық игілік. Бұл ойын түрі ең алғаш ежелгі түркілердің арасында пайда болыпты. Сондай-ақ асық ойындары байырғы Грек елінде – астралаг, ал Римде талус деген атпен кеңінен таралғаны жайында мәліметтер бар. Ертеде ұшы-қиыры жоқ даланы мекендеген бабаларымыз жорыққа аттанар алдында соғыстың амал-әдісін ақ тақырдың үстіне асықтарды шашып жіберіп жобалайтын болған.

Кеңестік уақытта асық ойнаған балалардың қызығына батып өстік. Қала көшелерінде асықты тізбектей келе дәлдікпен атып жатқан ойын баласын қызықтау қалыпты құбылыс еді. Кейбіреулер айтқандай асық ату ойынына кеңестік жүйе де, шаһардың қара асфальт жолдары да кедергі болмаған сол күндері. Оған дәлел, 1970 жылдары қала балалары ойлап тапқан "Алматинка" немесе "Шымкент" деген ауқымды жерді талап етпейтін, шеңберге тігіп ойнайтын қаланың кеңес дәуіріндегі шығарған асық ойын түрлері бола алады. 60-70 жылдардың ойын балалары асық атудың "Өріс" деп аталатын түрімен жиі ойнаған деседі бүгінгі аға буын өкілі. Кең далада ұзындығы 20 метрден кем болмайтын аумақта ойналатын ойын түрі сол уақытта кең етек жайылыпты.

Бүгін қала түгіл ауыл аулаларынан

асық атысқан баланы көру таңсық дүние. Балалардың асық ойнауына не кедергі? Бүгінде асық ойнаған бала мен асық жинаған аталардың сиреп кеткені тағы шындық. Бүгінгі заман – инновациялар мен технологиялардың өркендеу кезеңі. Күн ілеспей тың құрылғылар мен бала көңілін аулайтын ойыншықтар жарық көруде. Автоматтандырылған құрылғы мен компьютерлік ойындар баланы бір орыннан тапжылтпай тұсаулады.

Дүние жүзі медицина мамандары бүлдіршіндердің қозғалысы аз болғандығынан әрі электрлі қуаттандырылған құрылғылар арасында көп уақыт отыратындықтан көптеген ауруларға жол салынуда деп дабыл қағуда. Психологтардың зерттеуінше, компьютерлік ойын үстінде адамның ойлау қабілеті, эмоциясы, көру қабілеті төмендейді әрі қияли әлемге жіпсіз байланғандардың көпшілігі күнделікті өмірде балалардың іс-қимыл траекториясы мен қашықтықты есептеуде қателіктерге бой алдырады. Медицина мамандары компьютерде көп отырған баланың есте сақтау қабілетінің төмендеп, омыртқа ауруына, шаш түсу, күйзеліске ұшырау аллергиялық ауруларға бой алдырғыш, қан айналысы, ас қорытуы, зат алмасулар бұзылады және басқа да көптеген ауруларға себеп болатынын ескертеді.

Сондықтан да техниканың билік құрып отырған дәуірінде ойын баласын дала ойындарына қызықтыру, ұлттық спорт ойындарына баулу заманның талабы болып отыр. Ұрпағымыздың саулығы, ұлтымыздың саламаты үшін денсаулыққа пайдалы, салиқалы, саналы ұлттық ойындарын жаңғырту бізге басты міндет екені сөзсіз. Ал біле-білгенге асық ойынының баланы дамытудағы алар орны ерен екен. Асық ойыны баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері де мол. Ойын барысында: жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату т.б. жасалады. Мысалы, сақаны қолға алып, бір аяққа тұрып, бір аяқты серпіп қалып асық атқанда, он екі мүше түгел созылады екен. Бұл – буын ауруларына қарсы жаттығудың түрі. Екіншіден, күллі жүйке, тамыр ауруларынан құтыласыз. Отырып-тұрып кенейді тіккенде, қан айналымы жақсарады. Сондай-ақ баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді.

Расында, асық ойыны, қазіргі педагогика тілімен айтқанда, таза денешынықтыру. Жүгіріп те аласыз, отырып-тұрасыз, көздейсіз, атасыз. Бір асық ойынының бойында спорттың барлық түрі сыйып тұр. Асық ойыны қазақтың мергендік мектебі деуге толық негіз бар. Мергендікпен қатар, баланың ептілігі, шапшаңдығы, табандылығы және қырағылығы жетіледі. Мамандардың дәлелдеуінше, асық баланың жүйке жүйесін қалыптастырып, ой-өрісін және білім көкжиегін кеңейтеді. Мінезін тәзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді. Көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады. Ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақан-дағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады.

Өткен жылы «Асық ату» ұлттық федерациясы құрылды. Оның президенті қызметін Мұрат Әбенев өз мойнына алды. Жер-жерде ұлттық ойынға деген қызығушылық қайта ояна бастады. Еліміздің әр аймақтарында асық атудан жарыстар ұйымдастырылып келеді. Мұрат Әбенев бір сөзінде: «Біздің асық ойнауды ұмытқанымызға ары кетсе 20 жыл болды. Оған қазір балалар арасында қызушылық үлкен. Сондықтан оны қайта дамытуға болады. Дамыту үшін асық ойынын үйренуге арналған арнайы оқулық та жасалыпты. Сол бойынша алдағы уақытта мектеп балалары асық ойнауға үйретілетін», – деді. Енді «Асық ату» ұлттық федерациясы оған спорттық ойын атауын ресми түрде беріп, республикалық деңгейдегі дәстүрлі асық ату жарыстарын өткізуді жоспарлап отыр. Жеңімпаз топқа арнап Кубок та жасалып қойыпты. Осылайша ұлттық ойынымызды жаңғыртуға арналған тың өзгерістер басталып та кетті.

Түйін. Асық қазақ халқының қадірлі сүйектерінің бірі. Баласының ермегі, ойыншығы, сүйікті ойыны болған. Жалпы асық ойыны тек көңіл көтеру, құмарлық ойыны ғана емес, бейне бір шахмат ойыны секілді стратегиялық ойын. Ойын ата-бабамыздың азаттық жолындағы ішкі-сыртқы қорғаныс мәселесін терең зерттеуден туса керек. Асық ойындары – елдің ішкі кемелін, хан мен халық арасындағы ынтымақты бейнелейтін ертеден мұра болып жеткен ойын түріндегі ұлт бірлігінің көрінісі.

Камал ЖАРКИНА,
№ 35 ЖОББМ мұғалімі

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Әлемнің әр бұрышында білім күні әр күні атап өтіледі. Қазақстан және ТМД елдері, Чехия, Вьетнам, Қытай елдерінде білім күні, яғни оқу жылының бастауы – 1 қыркүйек. Болгария – 15 қыркүйек, Польша, Италия – 1 қазан, Жапония – 6 сәуір, Германия, Испания, Франция, Швейцария, АҚШ мемлекеттерінде тамыз – қазан аралығында оқу жылы бастау алады. Ал, Австралияда жаңа оқу жылы әр жылы әкімшілік жағдайға байланысты әр уақытта басталуы мүмкін.

Мәселен, Германияның әр провинциясы айдың әр күндері оқу жылын бастай береді. Ал, Құншығыс елінде оқу жылы сақураның гүлдеуімен сай

келеді екен. Олардың айтуынша шуақ шашқан көктем баланың оқу зейінін аша түседі.

Дүние жүзі бойынша оқу жылы әр күнде басталуымен ғана емес, қилы дәстүрлерімен де ерекше. Мысалы, білім күніне байланысты дәстүрлеріміз ұқсас келетін Жапония, Қытай және Вьетнам оқушылары алғаш оқу күнінде гүл шоқтарын алып, мектепке алып ұшатын көрінеді. Құншығыс елі мен Аспан асты елі оқу жылының басталуын салтанатты түрде атап өтетін көрінеді. Дауылпаздың үнімен оқу жылын бастайтын Вьетнам балаларына бұл күн мереке. Әр мектептің өз дауылпаздары білім жылын салтанатты түрде ашады. Ал, Швецияда толық еркіндік. Мектептер тамыз

айының қалаған күнінде оқу жылын бастайды. Оқу жылының басталған күні басқа күндерден еш ерекшеленбейді. АҚШ балалары бұл күнді жақсы көреді. Америка спортқа зор мән беретіндіктен, алғашқы оқу жылы спорттық ойындар мен жарыстар өткізумен барлық елден ерек. Сол күні барлық спорт секцияларының парады өтеді.

Қай ел қалай атап өтсе де, біз үшін білім күні басқа күндерден өзгереді. Оның да өз себебі бар. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған күнді жақсыға балап, балаға ақ бата беретін халықпыз. Бұл – біз үшін қуанышқа, тебіреніске толы күн, жаңа белестерді бағындырып, өмірлік жолдағы жеңістерге ұмтылатын күн.

Исаәділ СҮЙІНДІК



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, Қ. Шаймарданова.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 4443